

**«Нурби» Мектеп-бөбекжай-бақша» кешені
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**



**I педагогикалық кеңес
хаттамасы.
2021-2022 оқу жылы**

Шымкент қаласы

27.08.2021 жыл

Хаттама №1

Қатысқандар –

Қатыспағандар – жоқ

Күн тәртібі:

1. 2021 -2022 ж.ж. оқу жылының жылдық жоспарын бекіту.
2. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері нұсқау өткізу.
3. Әр түрлі (күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспарды бекіту).

Тыңдалды:

Педагогикалық кеңес бөбекжай-бақша кешенінің жаңа директоры Д.С. Бердимбетов өзін таныстыруынан басталды. Сөзінде бөбекжай-бақша кешені қандай нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып және істер номенклатурасы бойынша жұмыс жасайтынын айтып өтті. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптары төмендегі нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды. Олар:

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптары өз қызметінде төмендегідей нормативтік құқықтық құжаттарды басшылыққа алатынын айтты.

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары»;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары, - деді.

- 1.1 Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер Абдухаликова Г.Т. ұсынған 2021-2022 оқу жылының жоспары түзіліп және бекітіліп талқыланды. Оқу жоспары стандарт талаптары мен бекітілген үлгілік оқу жоспарына сәйкес екендігі нақтыланып, бөбекжай-бақша кешені директоры Д.С.Бердимбетов бекітіп берді. 2020-2021 оқу жылындағы жылдық жоспардың ішіндегі ертеңгіліктер, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, байқаулар, көрмелер тәрбиешілерге қай уақытта өткізілетіні таныстырылып, бекітілді.
- 1.2 Бөбекжай-бақша кешені директоры Д.С.Бердимбетов

- 1.3 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау туралы ҚР 2015.23.11 № 414-V Еңбек кодексінің 182-бабымен қызметкерлерді таныстырып әдіскер мен шаруашылық ісі меңгерушісіне қандай жүктемелер міндеттелгенін айтты. Барлық педагогтар мен тех. Персоналдар нұсқаулық пен міндеттерімен таныстырылып, қол қойылды.
- 1.4 Әдіскер Абдухаликова Г.Т. сөз сөйледі. Бекітілген оқу жоспары тәрбиешілерге беріліп, күн тәртібі және ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті кестесі түзіліп, бекітіліп берілетінін айттып өтті. Сонымен қатар биыл Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 9-қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымша үлгілік оқу жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметтерінде көптеген өзгерістер бар екендігін айта келе, әр топта 14 бұрыш толығымен жасалынып ұйымдастырылған оқу қызметі осы бұрыштарды пайдалана отырып ойын түрінде жүргізілетінін айтты. Осы 14 бұрышты жабдықтауда байқау ұйымдастырылатынын айтты.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жоспар стандартқа сай бекітілді, әр тәрбиешіде оқу жоспарының күнделікті болуын қадағалауды әдіскер Абдухаликова Г.Т. жүктелді.
2. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері нұсқау өткізілді. Әдіскер мен шаруашылық ісі меңгерушісіне жүктелген міндеттер толық орындалуын талап етті.
3. Күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметі кестесі және перспективалық жоспар мен циклограмма жас ерекшелігін ескере отырып бекітілді.

Осы шешімдердің орындалуын әдіскер Абдухаликова Г.Т. тапсырам.

ЖШС «Нурби» Мектеп-
бөбекжай-бақша» кешені директоры:

Әдіскер:



Д.С.Бердимбетов

Абдухаликова Г.Т.

**«Нурби» Мектеп-бөбекжай-бақша» кешені
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**



II педагогикалық кеңес

хаттамасы.

2021-2022 оқу жылы

Шымкент қаласы

23.10.2021 жыл

Хаттама №2

Қатысқандар –

Қатыспағандар – жоқ

Күн тәртібі:

1. «Бала дене бітімінің дұрыс қалыптасуында ойынның атқаратын рөлі» есеп беру.
2. «Тыныс алу жаттығулары» өз тәжірибиесі.
3. Көрме «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы»

Тыңдалды:

1. Педкеңесті әдіскер Абдухаликова Г.Т. бастады. «Бала дене бітімінің дұрыс қалыптасуында ойынның атқаратын рөлі» тақырыбында баяндамасын оқыды. Баяндама соңында ойын түрлерінің баланы дамытудағы рөлі қандай болады деген тақырыпта пікірталас жүргізілді. Сонымен қатар дене шынықтыру мұғалімі мен тәрбиешілерге өз тәжірибелерімен бөлісуді ұсынды.
 - Бөбекжай-бақша кешенінің дене шынықтыру мұғалімі «Таңертеңгілік жаттығуларды өткізуде баланың денесін нығайту мен жақсартудың маңызы» туралы өз тәжірибелерімен бөлісуге шақырамын.
 - «Көгершін» ортаңғы тобының тәрбиешісі Адасханова Г. «Серуеннің бала өміріндегі маңызы» туралы өз тәжірибесімен бөліседі.
 - «Күншуақ» ересек тобының тәрбиешісі Бердимбетова Ж. «Баланың тыныс алуын жақсартатын жаттығулар» туралы өз тәжірибесімен бөліседі.
 - «Аққу» ересек тобының тәрбиешісі Сайрамбаева Л. «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған саусақ ойын жаттығулары» туралы өз тәжірибесімен бөліседі.
 - «Балапан» ересек тобының тәрбиешісі Даукенова А. «Мектеп жасына дейінгі балалармен ойналатын қимыл-қозғалыс ойындары» туралы өз тәжірибесімен бөліседі.
 - «Балабақшадағы музыкотерапия» туралы бөбекжай-бақша кешені музыка жетекшісі өз тәжірибесімен бөліседі.

2. Тыныс алу жаттығулары бойынша бөбекжай-бақша кешені тәрбиешісі Кудьярова Т. өз тәжірибиесімен бөлісті. Сөзінде: -тыныс алу жаттығуының балалардың денсаулығы үшін пайдасы өте зор. Себебі дұрыс тыныс ала отырып баланың сөйлеу тілі де кезегімен қалыптасады. Көбінесе тыныс алу жаттығуы дизартрия, кекештену және басқа да сөйлеу ауытқуларынан зардап шегетін балаларға көп көмегін тигізеді. Кешенді тыныс алу жаттығулары әдеттегідей күнделікті ҰОІӘ кезінде және қосымша уақыттарда бірнеше рет өткізіп отырған орынды. Мен күнделікті ҰОІӘ барысында міндетті түрде тыныс алу жаттығуларына арналған ойындарды міндетті түрде пайдаланамын,-деп баяндамасымен таныстырып, сол баяндама бойынша тәрбиешілер пікір алмасу жүргізді.
3. Әдіскер Абдухаликова Г.Т. алдын-ала дайындалған презентациямен педагогтарды таныстырып, алдағы уақытта бөбекжай-бақша кешенінде «Денсаулық сақтау технологиясы» тақырыбында көрме ұйымдастыру керектігін айтты. Өз сөзінде: -денсаулық сақтау технологиясы – тәрбиелеу, сауықтыру, түзету және алдын-алу шаралары біртұтас жүйе ретінде сабақтастық үрдісінде жүзеге асырылады. Осы бағытта жұмыс жасау керек,-деді.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметі барысында, бала дене бітімінің дұрыс қалыптасуы үшін ойын түрлері үнемі қолданыста болсын.
2. Тыныс алу жаттығулары ҰОІӘ барысында жиі қолданылсын.
3. Бөбекжай-бақша кешенінде денсаулық сақтау технологиялары тақырыбында көрме ұйымдастырылсын.

Осы шешімнің орындалуын әдіскер Абдухаликова Г.Т. тапсырам.

ЖШС «Нурби» Мектеп-
бөбекжай-бақша» кешені директоры:



Д.С.Бердимбетов

Әдіскер:

Абдухаликова Г.Т.

Шымкент қаласы
ЖШС «Нурби» Мектеп-бөбекжай-бақша» кешені

*Тыныс алу жаттығулары – әдемі сөйлеудің,
денсаулық кепілінің басты негізі.*



2021-2022 оқу жылы

Тыныс алу – адам тәнінің аса маңызды қызметтерінің бірі болып табылады. Тыныс алу жаттығуының балалар денсаулығы үшін пайдасы өте зор. Себебі дұрыс тыныс ала отырып баланың сөйлеу тілі де кезегімен қалыптасады. Көбінесе тыныс алу жаттығуы дизартрия, кекештену және басқа да сөйлеу ауытқуларынан зардап шегетін балаларға көп көмегін тигізеді.

Кешенді тыныс алу жаттығулары әдеттегідей күнделікті ҰОІӘ кезінде және қосымша уақыттарда бірнеше рет өткізіледі.

- Алдымен жаттығу үлкендер көмегімен орындалса, кейіннен өз бетімен орындалады.

- Жүргізуші ретінде, бала ретінде балалар кезектесіп өткізеді. Орындалу уақыты - 5 мин.

- Алғашында жеңіл түрінен басталып, күрделі түріне ауысады.

Бұл кезекті тыныс алу жаттығуларын балабақша тәрбиешілері әр лексикалық тақырыпқа сай қолдануға болады:

1. «Қиярдың иісін ажырат»

Шарты: Қиярдың иісін иіскеу арқылы қандай көкөніс екенін ажырат

2. «Апельсиннің иісін ажырат»

Шарты: Апельсиннің иісін иіскеу арқылы қандай жеміс екенін ажырат

3. «Жапырақтарды үшыр»

Шарты: Мұрынмен терең дем алып, ауызбен дем шығару арқылы кішкентай жапырақтарды үрлеп үшыру.

4. «Шарды үрлейміз»

Шарты: бала шарды алып, алдымен қатты, сонан соң жаймен үреді.

5. «Терезенің жапқыштарын үрлеп үшыр»

Шарты: үйдің терезе жапқыштарын балалар жеке-жеке үрлеп үшырады.

6. «Шәйді суыт»

Шарты: кеседегі шәйді балалар үрлеп суытады. Ондағы шәйдің ыстық екендігі айтып түсіндіріледі. Суытып болған соң оны ішіп, дәміне тамсанады.

7. «Мұрынмен дұрыс тыныста, ауызбен дұрыс дем шығар»

Шарты: Балалар мұрынмен терең тыныс алып, ауызбен ауаны ұртқа жинамай, жәйменен дем шығарады.

8. «Айнаның бетін тазала»

Шарты: айнаны қолға алып, бала айнаның бетін үрлеп булайды. Сосын айна бетін орамалмен сүртіп, тазалайды.

9. «Қарды үрлеп үшыр»

Шарты: балалар ақ қарларды жеке-жеке үрлеп үшырады. «Қар жаймен жауып тұр» деген кезде жай үшырады, ал «боран соғып тұр» деген кезде қаттырақ үшырады. Мұрынмен терең тыныс алып, ауызбен жай дем шығарады.

10. «Қолды үрлеп ысқылау арқылы жылыту»

Шарты: аязға тоңған қолдарымызды үрлеп, ысқылап қыздырамыз, жылытамыз. Жылдам-жылдам ысқылаймыз.

11. «Жалаушаларды ұшыру, көкке көтеру»

Шарты: түрлі-түсті кішкентай жалаушаларды балалар үрлеп ұшырады.

12. «Құстың қанатын қағуына көмектес»

Шарты: мына құстың қанаты жараланған, қанекей емдем жіберейік. Сендер үрлесендер ол қанатын жазып ұшып кетеді. Балалар құстың қанатына үрлейді. Сол мезетте құс ұшып кетеді, рахмет айтады.

13. «Шыршаның жаңғақтарын иіскеу»

Шарты: мынау шыршада өсетін жаңғақтар. Қанекей иісін иіскейік. Оның өзіндік иісі болады.

14. Тыныстайық тереңнен!

Жүгірдің де қарғыдың,

Жарадың да барлығың.

Шаршадыңдар дегенмен

Тыныстаңдар тереңнен.

Қане, «У-ф»-деп айталық

Демді ішке тартайық.

Енді «У-һ»- деп айтайық, Демді шығар қайтарып.

Босаңсытып денеңді,

Бей-жай күйге ен енді.

Басты көтер, тік ұста

Емін-емін тыныста

Қане, «У-ф»-деп айталық

Демді ішке тартайық

Енді «У-һ»- деп айтайық,

Демді шығар қайтарып.

15. «Сәбіздің жапырағын үрлейміз»

Терең дем алып, демді жәймен шығарып, жинаған жапырақтарды үрлеу.

16. «Лимонды» иіске

Терең дем алып, лимонның иісін иіскейміз

17. «Күлімсіреу»

Алақанымызды кеуде тұсында ұстаймыз, ерініміз бен тісіміз жабулы..

18. «Көпіршікті үрле»

Көпіршік суды аузымызбен үрлеп, көпіршіктерді ұшырамыз.

19. «Стакандағы дауыл»

Су құйылған стаканға коктейль ішуге арналған түтікшені салып бір жағын тілдің ортасына салып, түтікше арқылы стакандағы суды үрлеу. Ұртымызды ауаға толтырмаймыз, ернімізді қозғалтпаймыз.

20. «Сиқыр»

Ауызды ашып, еріндерін жымиту. Тілімізді ауыздан шығармаймыз. Тіл бүйірлері мен ұшын жоғары көтеріп, мұрын ұшындағы мақтаны үрлеу.

21. «Зымыран»

Мұрынмен терең дем алып, екі жақтан қолымызды жоғары созамыз, алақандарымызды беттестіріп, қатты қысамыз, аяқтың ұшымен тұрып жоғарыға созыламыз, тыныс шығармаймыз. «А» дыбысын айтып, терең дем аламыз, қолдарымызды төмен түсіреміз

22. «Поезд»

Көмейден дыбыс шығару: Пууууп-чик-чик-чик дыбысын шығарып, шеңберде жүріп орындаймыз.

23. «Барабан»

Тіл ұшын тістеп жәй «д» дыбысын айту, содан екпінін тездете айту

« д-д-д»

24. «Жылан»

Мұрынмен терең дем алу, алақандарды беттестіріп, кейде тұсында ирелеңдету арқылы с-с-с дыбысын шығару.

25. Дем шығармау «Шар үру» демді бөліп-бөліп шығару.

(ха-ха-ха) демді бөлген сайын қолымызды қозғалтамыз. Демді шығармау. Тағы да терең дем алу, қолдарын жоғары көтеру (шар үрлеу). Бірден дем шығару, қолдарын төменге түсіру (Ха!)

26. «Гүлдің жұпар иісін иіскеу»

Гүлді иіскеу арқылы мұрынмен терең тыныс алу. Хош иісін ұзақ иіскеп тұрып тамсану.

27. «Сорпаны суытып іш»

Шарты: тәрелкедегі ыстық сорпаны мұрынман терең тыныс алып, ауызбен дем шығару арқылы үрлеп, суытып ішу.

28. «Ханқызы жәндігін үрлеп ұшырайық»

Шарты: ханқызын балалар үрлеп ұшырады

29. «Көбелектерді үрлеп ұшыр»

Шарты: Түрлі-түсті көбелектерді үрлеп ұшыру. Ұртқа ауаны толтырмай үрлеу.

30. «Бұлтты көшір»

Шарты: аспанда қалқып ұшқан бұлттарды балалар үрлеп ұшырады.

31. «Тамшылар»

Шарты: жауған жаңбырдың тамшыларын балалар үрлеп ұшырады.

32. «Мақтаны ұшырайық»

Шарты: ақ ұлпа жұмсақ мақталарды терең дем алу арқылы балалар үрлеп ұшырады.

33. «Пияздың иісін ажырат»

Шарты: туралған ащы пияздың иісін балалар иіскеу арқылы ажыратады.

34. «Допты қақпаға қада»

Шарты: Кішкентай допты үрлеп ұшырып сақтықпен торға туралап қадау.

Артикуляциялық жаттығулар

Артикуляциялық жаттығу дегеніміз не? Дұрыс сөйлеу тілін қалыптастыруда алдымен дыбыстарды қоюымыз қажет. Сол себепті дайындық кезеңі ретінде ауыз қуысына жаттығулар жасалып тілді жаттықтырамыз. Ол балалардың дыбыстарды дұрыс айта білуіне көмектесетін жаттығу түрі. Артикуляцияны дұрыс қалыптастыру үшін арнайы жаттығулар қолданылады. Жаттығулар қойылатын дыбысқа байланысты жүйеленеді және ерін, тіл қимылдарының қалпын дағдыландыруға бағытталады. Балаларды қызықтыру үшін және жаттығуды ойларына сақтап қалу үшін әр жаттығу әр түрлі атпен аталады.

- «**Күрекше**» – жалпақ тілді шығарып астыңғы ерінге ұстап тұру керек.
- «**Ине**» -ауызды кең ашып, тілді алға қарай жіңішкертіп шығарып 10-15 секунд ұстап тұру керек.
- «**Төбешік**» – аузынды жартылай ашып, тілдің екі жақ шетін жоғары азу тістерге жапсырып, тілдің ұшын астыңғы тіске тіреп ұстау.
- «**Түтікше**» – жалпақ тілді ауыз қуысына шығарып, тілдің бүйір жақтарын көтеріп түтікшеге үрлеу. Жаттығуды жайлап жасау керек.
- «**Ожау**» – ауызды кең ашып, жалпақ тілді көтеріп жоғары тістерге созып, бірақ тигізбей ұстап тұру керек.
- «**Сағат**» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек.
- «**Саңырауқұлақ**» -ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.
- «**Алтыбақан**» – жіңішке тілді ауыздан шығарып біресе мұрынға созып, біресе иекке созу жаттығуды жасағанда ауыз ашық болу керек. Осылай 10-15 рет қайталау керек.
- «**Тәтті тосап**» – жалпақ тілді шығарып жоғары ерінді жалап, тілді ауыз қуысына тереңірек апару. /15 рет қайталау/.
- «**Тоқылдақ**» – ауызды кең ашып тілдің ұшымен жоғарға альвеолоға немесе таңдайға жиі-жиі соғылғандай қимыл жасау керек.
- «**Ат шауып келеді**» – ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру – айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардан тек әр дыбысқа керекті жаттығулар алынады.

**«Нурби» Мектеп-бөбекжай-бақша» кешені
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**



**III педагогикалық кеңес
хаттамасы.
2021-2022 оқу жылы**

Шымкент қаласы

06.12.2021 жыл

Хаттама №3

Қатысқандар –

Қатыспағандар – жоқ

Күн тәртібі:

1. Тақырыптық тексеру қорытындысы **танымдық.**
2. Ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту (өз тәжірибиесімен бөлісу).
3. «Өз-өзіңді таны» іскерлік ойыны

Тыңдалды:

1. Бөбекжай-бақша кешені әдіскері Абдухаликова Г.Т. былай деді:
-балабақшамызда кіші , ортаңғы, ересек және мектеп алды топтары бар. Осы топтардағы танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сенсорика ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады. Мақсаты балалардың танымдық қабілеттерін, білуге құштарлығын, қиялын, зейінін, есте сақтауын дамыту болып табылады. Желтоқсан айында жүргізілген танымдық тексеру қорытындысы бойынша біз күтілетін нәтижеге 100 % қол жеткізе алмадық. Себебі, «Балапан» ересек тобы, кіші топтар кішкене көштен қалып қойғаны тексеру барысында белгілі болды. Аталған топ тәрбиешілеріне ескерту беріліп, олқылықтардың орнын толтыру керек,- деді.
2. Ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту тақырыбы бойынша бөбекжай-бақша кешені мектеп алды тобы тәрбиешісі Сатынбекова Қ. өз тәжірибиесімен бөлісті. “- «Ойын бала қиялын шығармашылық ойлауға жетелейтін тәрбие құралы » дегендей, ойын- бала әрекетінің негізгі түрі. Бала ойында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынаста болады. Өз тәжірибиемде балалардың қандай оын түріне қызығатын анықтап аламын. Сосын, сол ойын түрін жиі топта ұйымдастырамын. Алдын-ала ойынның негізгі құрылымдық элементтерін анықтап алуымыз қажет. Яғни, ойынның түпкі ниеті, сюжеті немесе мазмұны, ойын әрекеттері, рольдер, ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ұсынатын ойын ережесі. Өзім әр ойыннан соң балалардың көңіл-күйін бақылап отырамын.

3. Әдіскер Абдухаликова Г.Т. бөбекжай-бақша кешені педагогтарымен өз-өзінді таны іскерлік ойынын ұйымдастырды. Ойынның мақсаты: педагогтар арасында қарым-қатынас нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылту, өзін-өзі бағалауын, шеберліктерін дамыту. Эмоционалдық ауырлықтан арылту. Әдіскер ойын төмендегідей:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Шаттық шеңбері.
3. «Өзіңді тереңірек тани біл». «Мінез сандары»
4. «Сыйлық кімге бұйырады?» ойыны.
5. Ойын-пантомима.
6. «Кір жуу машинасы» сергіту сәті
7. Релаксация.
8. Кері байланыс орнату.

Қорытынды,- жоспардан тұрады деп, әр бөлімге түсініктеме беріп өтті. Ойын педагогтарға ұнады. -біз өзімізді, өз іс-әрекеттерімізді, істеген ісіміз бен ойлаған ойымызды үнемі бақылап отыруымыз керек. Өздеріңе дұрыс баға бере алатын адамдар, өздерінің дұрыс бет бейнесін білетіндер. Әр адам өз өзін тануға, білуге ұмтылуы керек, сол кезде ғана ол өз ішкі дүниесінің әміршісі бола алады,-деп ойынды қорытындылады.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Тақырыптық тексеру қорытындысы барысында жіберілген олқылықтардың орны толтырылсын.
2. Балалардың танымдық қабілетін арттыру үшін әр топта жас ерекшелігін ескере отырып ойындар күнделікті ҰОІӘ барысында пайдаланылсын.
3. Педагогтардың арасындағы ауызбіршілікті, сыластықты қалыптастыруға арналған тренинг ойындар жиі ұйымдастырылсын.

Осы шешімнің орындалуын әдіскер Абдухаликова Г.Т. тапсырам.

**ЖШС «Нурби» Мектеп-
бөбекжай-бақша» кешені директоры:**

Д.С.Бердимбетов

Әдіскер:



Абдухаликова Г.Т.

**«Нурби»Мектеп-бөбекжай-бақша» кешені
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**



**«Өзінді өзің таны»
іскерлік ойыны**

Әдіскер: Абдухаликова Г.Т.

**Шымкент қаласы
2021 жыл**

«Өзінді өзің таны» іскерлік ойыны

Мақсаты: Педагогтар арасында қарым-қатынас нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылту, өзін-өзі бағалауын, шеберліктерін дамыту. Эмоционалдық ауырлықтан арылту.

Көрнекі құралдар: слайд, қапталған сыйлық, қалам, ақ қағаз, стикерлер, әуен, кеспе плакаттар.

Жоспары:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Шаттық шеңбері.
3. «Өзінді тереңірек тани біл». «Мінез сандары»
4. **«Сыйлық кімге бұйырады?» ойыны.**
5. Ойын-пантомима.
6. «Кір жуу машинасы» сергіту сәті
7. Релаксация.
8. Кері байланыс орнату.

Қорытынды.

Тренинг барысы:

1. Психологиялық дайындық.

Құрметті әріптестер! Мен сіздермен кездескеніме қуаныштымын. Барлығыңызға сергек көңіл-күй тілеймін.

2. Тренингтің ережесімен және тақырыппен таныстыру.

Тренинг тақырыбы: «Өзінді – өзің таны» іскерлік ойыны

- Бір - бірімізді сынамаймыз;
- Ойымызды ашық айтамыз, эмоциямызды жасырмаймыз;
- Барлық мәселені тек осы жерде және дәл қазір қарастырамыз, әркім өзіне керегін ғана алып кетеміз;

3. Қызығушылығын ояту. Шаттық шеңберіне жинау.

2. «Жылылық сыйлау»

Мақсаты: әрбір қатысушының сол топтың мүшесі екендігін сезіну, бір-біріне жылылық сыйлау.

Көршінді сол жақтан құшақта,

Көршінді оң жақтан құшақта.

Оң жақтағы көршіңе бір жымыып,

Сол жақтағы көршіңе бір жымыып.

Бүгінгі тренинг барысы,

Біз – үлкен отбасы!

3.«Өзінді тереңірек тани біл» тапсырма.

Мінез сандары

Әр адамның мінезі жан дүниесінің айнасы,

Ал әркім өз мінезінің қожасы.

Ендеше сіз өз мінезіңіз жайында білгіңіз келе ме?

Екі саны – адам мінезінің саны деп есептеледі. Бұл сан арқылы сіз өмірде жұмсақсыз ба әлде тоңмінезсіз бе, тез тұтанғыш ашуланшақсыз ба, мақсатыңызға жетуге ұмтылғышсыз ба немесе жалқаусыз ба бәрін аңғаруға болады екен. Жалпы мінез санын белгілеу адам тағдырының санын анықтаудан жеңілірек. Бұл үшін туған күніңіздің қай күні екенін білсе

болғаны.

Айдың 16-шы жұлдызында туғандардың саны – 7, 23-ші жұлдызы туғандардыкі – 5. Ал 22-сі туғандардыкі 11 немесе 22 болып қалады. Егер сіз 10-ы, 20-сы, 30-ы күні туған болсаңыздар нөлдерді алып тастасаңыз жеткілікті. Демек 1, 2, 3 болып қала береді.

Мінез сандарының құпиясы

1 санына жататын адамдар – бірбеткей және мықты тұлғалар. Олар мақсаттарына жетуге ұмтылады. Болашаққа деген көзқарастары да оң. Өздеріне сенеді, тазалықты жақсы көреді. Сосын шұғыл мінездерін де байқауға болады. Оларға ақыл айтқан адамды және жолдарын кескестегендерді ұнатпайды. Олар өздерінің айтқандарынан қайтпайтын адамдар. Сондай-ақ бұл адамдардың есте сақтау қабілеттері жақсы дамыған. Бірнеше жұмысты қатар бір уақытта атқара алатын қабілетке ие. Ұйымдастырушылық және басқару жұмыстарын оларға сеніп тапсыруға болады.

2 санына жататын адамдар өзгелерді ренжітіп алмауға тырысады. Жұмсақ. Жан-жағындағы жандардың көңіл күйлерін түсіріп алмауды ойлайды. Айналасына бейбіт адамның лебі мен жақсы аура сеуіп жүреді әдетте. Олар достарының ығына жығыла салғыш. Артық кикілжің мен даудамайды онша ұнатпайды. Бұл адамдарға билік беру міндетті емес. Оларға әсіресе біреудің қол асында жұмыс істеген ыңғайлы. Тез шешім қабылдай алмайды. Дегенмен қызметтеріне адал, жауапты болып келеді. Екі санындағы адамдар ұялшақ та болуы мүмкін. Жауапкершіліктен тайқып кететін кездері де бар. Сондай-ақ өз жеке пікірлері болмайды. Әзіл-қалжың, күлкіге де онша жоқ.

3 санындағы адамдарға келетін болсақ – Олар көңілді. Жалпы айналасына юмормен қарайды. Өмірде жолдары болғыш, көпшілігі жан-жақты әрі дарынды болады. Сонымен қатар ақшаны аямайды. Қолдары ашық, жомарт келеді. Бұл кісілер – шығармашылыққа бейім, табиғатынан дарынды және талантты болады. Көбі өнер саласына жақын, суретшілік немесе әдеби дарындылығы тағы бар. Өздерінің ішкі жан дүниесіндегі толқыныстарлды сөзбен емес әртүрлі үндермен, бояумен жеткізеді. Тілдері де жатық, әңгімеге тез араласқыш. Әрі бұлар достарының ортасында көшбасшы бола біледі. Ең басты кемшіліктері тым өркөкірек, өзімшіл, тәуелсіз. Кейде шектен тыс қатал да болып кетеді. Сосын көп шаруаға тым жауапкершілікпен қарай бермейді. Бұл қасиет олардың өміріне кейде кері әсерін де тигізіп жатады.

4 санындағы адамдар – тарихта бұл санды негізінен жылқыларға теңеп жатады. Неге десеніздер 4 саны еркіндік, төзімділік, мақсатқа жету жолындағы ыждахаттылық. Бұндай адамдар жеңіске үлкен еңбекпен жетеді. Қанша ауыр еңбек кездесе де мойымай алға қарай ұмтылатын қасиеттері бар.

Өздері шығармашылыққа тым жақын болмаса да, шығармашыл адамдарды басқара алады. Оларды ұйымдастырып, бастарын бір жерге тоғыстырып, үйлестіруші ретінде тамаша жұмыс атқара алады. Міндет пен абыройды алдыңғы қатарға қояды. Әділдікті жақсы көреді. Сонымен қатар

жақсы тамақтанып, демалып отырғанды жандары қалайды. Жалпы сол үшін де өзін аямай жұмыс істеуге бар. Кейде тым күйгелек те болып кетуілері мүмкін. Өмірде жолдары әрқашан бола да бермеуі мүмкін. Бірақ бұл адамдар талмай еңбектенуден тайынбайды.

5 санындағы адамдарға келетін болсақ – олар шұғыл қимылдайды. Уайымшыл, тынышсыз, ақылды және шыдамсыздау болып келеді. Олар саяхаттағанды жақсы көреді. Көпті көріп, көпті естіп, көппен араласқан бұл сандағы адамдар үшін үлкен демеу. Қарапайым, күнделікті күйбең тірлік оларды қажытып, шаршатып жіберуі әдбен ықтимал. Дереу тұтана салатын шалт мінездері тағы бар. Бес санына қарайтын еркек те, әйел де сенімді емес. Сондықтан олардың отбасында ұрыс-керіс, түсініспеушілік жиі болып тұрады. Олар қолға алған істерін аяқтамай жарты жолда тастап кете салулары мүмкін. Білімді де жүрдім-бардым ала салады. Еңбектенгенді ұнатпайды. Әр нәрсені оқусыз-ақ үйрене салғысы келеді. Бірақ оның мүмкін емес екеніне мән бермейді.

6 санындағы адамдар тұрақтылығымен көзге түседі. Жандары жарқын, сенімді, жан-жағына жылылық сыйлай алады, үйлерін және жақындарын жақсы көреді. Сонымен қатар бұл адамдардың достары да көп болады әлбетте. Барлық қырынан алсаңыз да – жақынын сатпайды, әділ, ұяң, романтик, жұмсақ мінезді болып кете береді. Тыныштықты жақсы көргендіктен әрбір кикілжіңнің артын бейбіт шешіп жіберуге тырысады. Жылылығымен бөліседі, егер ақша керек болса ақшасымен де бөлісе алады. Яғни қолы ашық, жомарт адамдардың қатарына жатады. Еңбектенгенді жақсы көреті.

7 саны – өз-өзінің ойларымен арпалысқыш жеті санына жататын адамдар көбінесе жалғыз қалғанда ұнатады. Көп адаммен тілдесуі де қиын. Олармен тілтабысу да оңай емес. Дегенмен сараптама жасауға келгенде сауатты. Көп адамға тән емес қасиеттер осылардың бойынан табылады. Барлығы шеше бермейтін күрделі жұмбақтарды тез шеше алады. Көбінесе 7 санында туғандар философтар, мистик немесе ғалым болуы мүмкін. Көп сөйлемейді, тілдері де жатық емес. Ойларын сөзбен жеткізгеннен гөрі жазумен жеткізулері оңай.

8 санындағы адамдар – қуатты келеді. Қабілетті, күштерін бір мақсатқа жұмылдыра алады. Жеке басының жетістіктеріне жету үшін барларын салады. Әр ісін сараптап, есептей алатын ақылды олар. Ойлары әсіресі материалдық құндылықтарға арналған. Өмірде бір мақсатқа жетуде жанталасып уақыт таппай жүреді. Кәсіпкер болып кететіндері жиі кездеседі. Басты қасиеттері күресе алады. Қиын жағдайлардан шығып кетудің жолдарын таба алады. Қоғамда өз орындарын табуға ұмтылғыш. Шұғыл қимылдарға, жылдам шешімдерге ойланбастан бара салулары мүмкін. Егер жаман қасиеттеріне тоқталар болсақ. Ешкімді аямайды, ашушаң, қатал, өздерінен басқа ешкімді ұнатпайды. Ақшалары жоқ айналасындағы адамдарды сол қалталы еместіктері үшін ғана жек көруілері ықтимал.

9 санындағы адамдар арманшыл, ойлары мен қиялдарында өмір сүреді. Өте романтик деңге келеді. Олар жақын адамдарына қамқор, сыйлы. Өздерінің жеке басын ойлаудан гөрі барлық адамзатқа жақсылық істеуге

бейім болып тұрады. Өте жомарт адамдардың қатарына жатады. Бұл адамдарды тіршілігінде көп ешкім ескермесе де, жоқ болса орындары ойсырап қалады. Бұлардан жақсы ғалымдар, ұстаздар мен әртістер шығады. Төзімді, көңілдері жабырқаған адамдарды жұбатуды жақсы көріп тұрады. Өте адал, шыншыл. Өздері жоқшылықтан, кәріліктен, қайыршылықтан қорқады.

11 санына жататын адамдар – біртүрлі, ешкімге ұқсамайтын кісілер санатына жатады. Олар бұл өмірге көбіне бір жаңалық ашу үшін келетін сияқты. Сезімталдық қасиеттері жоғары дамыған. Оларды әсіресе жоғары, тылсым күштерімен байланыстары бар деп айтып жататындар бар. Сана-сезімдері мен милары тылсым күштермен ақпараттандырылып жатады. Сол себепті де бұл типтегі адамдары бүртүрлі, түсініксіз адамдар қатарына қосады. Олардың арасында данышпандар да кездесуі мүмкін. Жарымжан, жарымес адамдар да шығуы ықтимал. Көбінесе он бір санындағы адамдар көріпкел немесе тақуа адамдар болады. Сондай-ақ айтқан әңгімесімен бәрін сендіре алатын қасиетке ие, сенімді түрде өздерінің ақиқатты айтып тұрғанын дәлелдей алады. Өмірде бұл адамдар күрделі. Негше десеніздер өз діттеген мақсаттарына жету үшін олар жақсы көретін адамдарын да айырбастап жіберуі, сатып кетуі мүмкін. Сондықтан да болса керек бұл адамдар әсіресе жалғыз қалады.

22 саны – өмірде бар жақсы қасиеттердің бәрі осы адамдардың бойында жинақталған десе де болады. Олар көшбасшы болуға бейім тұрады. Сезімтал әрі шығармашылық дарындары бар. Ойлары да ұшқыр. Іскерлік қасиеттерге де ие. Жоғары рухани артықшылықты да лсылардан байқауға болады. Сондықтан көбінесе осы адамдар халықтық қозғалыстардың көшін бастайды. Немесе үлкен оқымысты, ғалым, дәрігер, философ, кәсіпкер, сиқыршы болып кетеді.

4. Ойын: «Сыйлық кімге бұйырады?»

Ойын жүрісі: Психолог алдын-ала сыйлықты қағазға орап, қорапқа салып, лентамен байлап, скотчпен орап тастайды. Педагогтар бір-біріне жақын отырады. Музыка әуені қосылғанда қатысушылар қорапты бір-біріне бере бастайды. Музыка тоқтағанда ұстап қалған адам музыка қайтадан қосылып кеткенше қорапты ашуға тырысады. Музыка басталып кеткенде қайтадан қорапты бір - біріне бере бастайды. Қорап толық ашылғанша ойын жалғасады. Сыйлық соңына дейін ашқан адамға беріледі.

5. Ойын-пантомима

Мақсаты: педагогтарды берілген тапсырмадағы сюжетті ым –ишарамен, қимылмен көрсетуге үйрету, ұшқыр қиялдарын, әртістік шеберліктерін шыңдау.

Пантомима – сөзсіз адам денесінің қимылымен, мимикамен көрсетілетін театр өнерінің бір жанры.

Бұл ойын педагогтың мінез-құлықты эмоция арқылы танып білуін көздейді.

Мысалы, топтарға бөліп, түрлі мимикамен түсіндірілетін түрлі тапсырмалар беріледі:

Әр топ музыканың сүйемелдеуімен өздеріне берілген сюжетті көрсетеді.

Соңынан тапсырмалардың мазмұны ашылған соң, олар берілген сұрақтарға жауап дайындап, қысқаша мәтіндер құрастырады.

6. Сергіту сәті. «Кір жуу машинасы»

Нұсқау: Екі қатарға жұптармен тұра қалады. Олардың ортасынан бір адам өтеді. Қалғандары оны қолдарымен жуындырады.

7. Релаксация. «Күн шуақты алаңқай...» \баяу музыка үнімен\ Уақыты: (5-мин.).

Мақсаты: Қатысушылардың көңіл – күйін көтеру, жүйке жүйесін демалдыру, дене бұлшық еттерінің шаршағандығын басу.

Көздеріңізді жұмып, 3 рет терең демалыңыздар. Сіздер Күн шуақты алаңқайда жүрсіндер. Күннің шуағы сіздердің өн бойларыңызды жылытып, жүректеріңізді мейірімге, қуанышқа толтыруда. Айналаңыз жайқалып өскен сан алуан гүлдерге толы. Олардың жұпарын кеудеңізді кере дем алып, бойыңызға сіңіріңіз. Айналаңызда құстардың әсем сайраған дауыстары естіледі, гүлден гүлге қонған көбелектерді көруге болады. Көбелектер сіздердің, қуанышқа толы көңіл-күйлеріңізді гүлден гүлге хабарлап жүргендей. Сіздердің қуаныштарыңызды, өмірге деген талпыныстарыңызды сезген гүлдер, одан әрі жайқалып, сіздермен өз жұпарларын бөлісуде. Алаңқайдағы сан алуан гүлден әркім өзіне ұнаған, ең әдемі гүлдеріңізді таңдаңыздар. Ол гүлдің түрін, жұпар иісін (есте сақтап), жүрегіңіздің жанында сақтаңыздар. Ал енді тізеден тобыққа дейін баяу созылып, көздеріңізді ашыңыздар. Енді әркім өзінің таңдап алған гүлінің суретін салайық.

- Осы жаттығудан кейін өзіңізді қалай сезінесіздер?

- Көңіл-күйлеріңіз қалай?

Олай болса, әркім өзінің таңдаған гүлінің суретін салып, алдына қойған мақсат тілектерін жазып, біздің Күн шуақты алаңқайға ілейік.

8. Кері байланыс орнату: Стикерлерге жазу.

1. Бүгінгі кездесудің сіз үшін маңыздылығы болды ма?

2. Психологқа сіздің кеңесіңіз бен ұсынысыңыз?

Қорытындылау.

Данышпан философ Фалес айтқандай:

Дүниедегі ең үлкен нәрсе-Кеңістік,

Бәрінен жүйрік-ой,

Бәрінен дана-уақыт,

Бәрінен жеңіл-басқаға ақыл айту,

Бәрінен қиыны-өзінді-өзің тану.

Қортынды: біз өзімізді, өз іс-әрекеттерімізді, істеген ісіміз бен ойлаған ойымызды үнемі бақылап отыруымыз керек. Өздеріңе дұрыс баға бере алатын адамдар, өздерінің дұрыс бет бейнесін білетіндер. Әр адам өз өзін тануға, білуге ұмтылуы керек, сол кезде ғана ол өз ішкі дүниесінің әміршісі бола алады.

**«Нурби» Мектеп-бөбекжай-бақша» кешені
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**



**IV педагогикалық кеңес
хаттамасы.
2021-2022 оқу жылы**

Шымкент қаласы

21.02.2021 жыл

Хаттама №4

Қатысқандар –

Қатыспағандар – жоқ

Күн тәртібі:

1. Шебер сынып. «Дәстүрден тыс сурет салу әдісі» (өз тәжірибиесімен бөлісу)
2. Іскерлік ойын «Не? Қайда? Қашан? »

Тыңдалды:

1. Бөбекжай-бақша кешені ересек топ тәрбиешісі Сайрамбаева Л. «Дәстүрден тыс сурет салу» әдісі бойынша өз тәжірибиесімен бөлісті. Сөзінде: -бала шығармашылығын дамытуда сурет салудың дәстүрден тыс тәсілдерді қолдану қазіргі заманауи балаларымыздың қызығушылығын арттырады. Дәстүрден тыс сурет салу баланың бойында өзгешелікке, жаңа тәсілдер ойлап табуға, қазіргі озық технологиялар заманында тың дүниелер ойлап табуға жол ашатын тәсіл болып табылады. Топта дәстүрден тыс сурет салу әдісін балалардың жеке қызығушылығын ескере отырып таңдаймын. Себебі, бала қызығушылықпен сурет салса, баланың ойлау өрісі, дүниетанымы кеңейеді. Әсіресе мен топта «Бастыру әдісін» жиі пайдаланамын. Әр түрлі заттармен бастыру арқылы сурет салу балаларда жағымды эмоция, қызығушылық тудырады. Бастыру үшін әртүрлі заттарды қолдануға болады. Мысалы: жапырақ, алақан, поролон, өсімдіктер. Осындай сабақтар арқылы балалардың іскерлік қабілеті дамып, эстетикалық талғамы артады, шығармашылығы дамиды. Сондықтан әріптестеріме айтарым, педагог өз әрекетін саралай отырып, шығармашылықпен және шеберлікпен ұйымдастыруға, балаларды оқуға ынталандыратын жұмыс түрлерін, ойындар мен тапсырмаларды жоспарлап өткізуі өте маңызды. Мұны жүзеге асыру үшін тәрбиеші үнемі іздену арқылы, инновациялық технологияларды меңгеру арқылы өзінің кәсіби құзыреттілігін шыңдап отыруы қажет, жаңалықтардан хабардар болып, озық тәжірибелерден үйренуден жалықпағаны дұрыс.

2. Әдіскер: Абдухаликова Г.Т. педагогтар арасында «Не? Қайда?Қашан?» тақырыбында іскерлік ойынын ұйымдастырды. Сөзінде: «ойын-адамға өзін-өзі көрсетуге және өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік беретін іс-әрекет түрі екені белгілі. Бұл іскерлік ойынға да қатысты. Іскерлік ойынның беретін оң нәтижелері –педагогикалық тәжірибе алмасуға жағдай жасау, тәрбиешілерді бірыңғай жұмыс ырғағы мен бағытына біріктіре отырып, оларды жақындастыру, тәрбиешілердіңпсихологиялық қатынасын,олардың еңбекке және балаларға қатынасын, олардың білімі мен дағдыларының әлеуетін анықтау. Сонымен, іскерлік ойын тәрбиешілерді жақындастырады, бірақ сонымен бірге оларды бәсекелестікке, жеке қасиеттерін көрсетуге, стандартты емес мәлімдемелерге және мәселелерді шешуге деген ұмтылысты тудырады.Сондықтан, сіздермен бірге ойнайтын ойынымыз көңілдеріңізден шығады деген ойдамын. Ойынға белсене қатысуларыңызды сұранамын,-деді.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Тәрбиешілер арасында шебер сынып жиі өткізілсін.(өз тәжрибиесімен бөлісу).
2. Тәрбиешілердің күш-жігерін дұрыс бағытқа бағыттайтын, кәсіби қасиеттерін жетілдіруге, білім мен дағдыларды практикада қолдана білуге жұмылдыратын осындай іскерлік ойындар балабақша кешенінде ұйымдастырылып отырылсын.

**ЖШС «Нурби» Мектеп-
бөбекжай-бақша» кешені директоры:**

Д.С.Бердимбетов

Әдіскер:

Абдухаликова Г.Т.



Ойынның мақсаты мен міндеттері... «Ойын мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі қызметі ретінде» тақырыбы бойынша білімдерін кеңейту және қорыту; ойын түрлері, балалармен жұмыс істеу формалары, әдістері мен тәсілдері туралы білімдерін нақтылау; ойын модельдеу арқылы шығармашылық бастаманың көрінуіне жағдай жасау; әріптестерінің кәсіби жұмысының сапасын арттыру тәжірибесімен танысу қажеттілігі туралы хабардар ету; ойын туралы жаңа әдістемелік әдебиеттермен таныстыру.

Жабдық. Тапсырмаларға арналған қалталары бар қабырға алфавиті, онда b, b, y, e, y әріптерінің орнына эмоциялар орналастырылады, барлық басқа әріптерде декодтау бар (мысалы, А - құмар ойындар, В - жылдам, С - зиянды, G - үлкен ойын және т.с.с., ойын барысында тәрбиешілер өздері түсінгендей қандай ойын түрлерін анықтайды.)

Қызыл, көк, жасыл карточкалар (әр түстің кемінде 10 данасы) - олар әр команда мен қонақтарға арналған әріптер мен тапсырмаларды білдіреді. Тапсырмалары қалтаға салынған жолақтар (33 дана). Қабырғаға орнатылған планшет, онда көрнекті тұлғалардың ойын туралы мәлімдемелері қоса беріледі. Ставка, меңзер, екі қоңырау, керексіз заттардан жасалған екі қорап. Ойын барысында кеңес болатын постер туралы ақпарат. Балалар, тәрбиешілер және ата-аналар құрған «Ойын таңертең басталғанда жақсы» тақырыптық газеттері (өлеңдер, суреттер, әңгімелер, ертегілер, коллаждар және т.б.). Қағаз бетіндегі рөлдік ойындардың жобалары (өрмек).

Жетекші.

Таңертең жақсы

Ойын басталады!

Күлкі, көңілді, айнала жүгіру,

Балалар ойнағанда.

Сіз балаларға қызғанышпен қарайтын боласыз:

Қыздарға да, ер балаларға да арналған.

Ересектер ойнағысы келеді

Ия, сіз бұл шараны сақтауыңыз керек.

Бірақ бүгін ерекше күн

Біз бір себеппен жиналдық.

Ересектер де, ересектер де,

Ойын басталады!

Сіздің алдыңызда ілулі

Ойын әліппесі!

Ойын ережелерімен танысыңыз,

Есіңізде болсын, не үшін!

Жалықпаңыз, жалқау болмаңыз

Біздің ойынға қосылыңыз.

Жақсы достар, кездесетін уақыт келді

«Primer» және «ABC» командалары!

Музыка естіледі, командалар залға кіріп, үстелдерге отырады.

Жетекші.

Командаларды бағалау

Қазылар алқасы міндетті түрде шақырылуы керек.

Біздің ізімізді жоғалтпау үшін
Ұпайларды санаңыз
Есеп комиссиясын таңдау керек.
Ал енді бастайық!

Ойын ережелері. Қазылар алқасы командаларды барлық орындалған тапсырмалар үшін үш балдық жүйемен бағалайды. Командалар кезек-кезек сұрақтарға жауап беріп, орындалған тапсырмаларды ұсынады. Тапсырмаларды орындау уақыты (қиындыққа байланысты) 1-ден 5 минутқа дейін. Қонақтар ойынға қатысуға құқылы. Үй иесі қонақтарға тапсырмаларды таңдайды. Әр команда 6-дан 12 мұғалімге дейін қатыса алады.

Миға шабуыл (қыздыру). Командалар ойын алфавитін мұқият қарап, қарама-қарсы немесе ұқсас ассоциацияларды қолданып әріптерді жұптастыруы керек. Кемінде үш жұпты атаңыз. Жүргізушінің көмекшісі командалар анықтаған әріптермен тапсырмалар жазылған түсті карточкаларды орналастырады. «АВС» командасы - қызыл, «Азбука» командасы - жасыл, қонақтар мен жанкүйерлер - көк карточкалар. Жауап беруге дайын команда алдымен көшбасшыға қоңырау арқылы хабарлайды, ол ойын тапсырмасын таңдау құқығын береді, яғни. келесі хат.

Бірінші тапсырма: «АВС» командасына - қарама-қарсы мағынаны табыңыз, «АВС» командасына - сол мағынаны табыңыз. Командалар жұптарды шақырады, көмекші карталарды орналастырады. Екінші тапсырма үй тапсырмасы негізінде жасалады. Әр қатысушы белгілі адамдар ойынның қандай анықтамаларын бергенін табуы керек. Командалар анықтамаларды кезекпен оқып, бірін-бірі мұқият тыңдап, қайталамай оқиды. Жүргізушінің көмекшісі өтініштерді планшетке бекітеді. Әр команда ойынның өзіндік анықтамасын ойлап табуы керек. Бұған 1 минут уақыт беріледі. Команда дайындалып жатқанда, қонақтар сөздердің анықтамаларын таңдайды: U әрпімен қандай ойындар болуы мүмкін (мысалы, ұқыпты, үнемшіл, жомарт) - және олардың қандай ойын екенін түсіндіріңіз. Баланы ұжымдық ойынға дайындайтын рөлдік ойынның қалыптасу кезеңдерін ашу: Е.Кравцованың айтуы бойынша «АВС» командасы, Д.Эльконин бойынша «Праймер» командасы. Бейнелі және шулы ойыншықтар жасау. Бейнелі ойыншықпен таныстыру өлең, ән, би, мимика, пантомима, образ және т.б. Қалдықтардан үйдегі шулы ойыншықтарды пайдаланып, өлеңді қою. Ойыншықтарды жасау уақыты - 5 минут.

«Праймер» командасына «Бақа» өлеңі ұсынылады.

Жасыл жиекте -

ква-ква-ква! -

Бақалар отыр, жиналды -

ква-ква-ква!

«Шыбындарды аулау - уум-уум-уум! -

Біз үшін, біз үшін, біз үшін өте дәмді!

Содан кейін лужықтардан секіру -

шапалақ-шапалақ! «

О, көңілді, бақа,

сен бақа халықсың!

«АВС» командасына «Жаңбыр» өлеңі ұсынылады.

Ағаштар тербелді, шөптер сыбырлады -

Ша-ша-ша, ша-ша-ша!

Ол ағаштарда ән айтты, жапырақтар ойнай бастады -

Ла ла ла, ла ла ла!

Аспанда қатты найзағай ойнап кетті -

Бом-бом-бом!

Олар тамшыларға тамшылап, тыныш ән айтты -

Тамшы-тамшы-тамшы!

Мұнда шатырда, әйнекте -

Тамшы-тамшы-тамшы!

Менің подъезімде -

Тамшы-тамшы-тамшы!

Бақалар қаншалықты қызықты болса, соншалықты қызықты!

Хи-хи-хи! Иә ха ха ха! Қандай сұлулық!

«Түймедақ» ойыны көрермендермен «Бала ойында не біледі?» (барлық қызығушылық танытқан қонақтарға түймедақ жапырақшалары мен маркерлерді тарату, тапсырманы орындағаннан кейін, кілемге түймедақ төсеп, ойын барысында баланың қандай білім, білік және дағдыларға ие болатынын оқып шығу).

Ойыншықтар командаларының презентациясы.

5. «Баланың ойнауға құқығы» тұжырымдамалық позициясын қолданатын сабақтың үзіндісі.

Үй тапсырмасы негіз болып табылады. Сабақтың үзінділерін көрсетуге 8-10 минут уақыт беріледі. Қонақтар мен жанкүйерлерге арналған тапсырма:

«Ойын алфавитінде сіз эмоциялар-жүздерді көре аласыз. Сіз қайсысын жақсы көресіз? (Көңілді.) Көңіл-күйіңізді көңілді ұстау үшін мұғалімдердің әнұранын тыңдаңыз.

Түрлі-түсті глобусты айналдырмаңыз,

Сіз оны таба алмайсыз

Ол ел, алып ел,

Біз ән айтамыз.

Әр күн күлкіге толы

Сюрприз, сұлулық,

Түсіну және назар

Таңғажайып ойын.
Барлығы осы елге асығады
Ал балалар асығыс.
Олардың аналары мен әкелері
Олар мені осында тұтқасынан алып келеді.
Бұл ең көңілді елде,
Оларды жаңа ертегі қарсы алады.
Бұл ел әрқашан жүректе
Ол «Балабақша» деп аталады!

6. Қарындаштармен ойнау.

Жетекші. Назар аударыңыз! Мұнда таңдалған таңбаларға сәйкес келетін мүмкіндігінше көп ойындарды (үстел үстінде басып шығарылатын, мобильді, интеллектуалды, сюжеттік және т.б.) таңдау қажет белгілер бар, мысалы, «шеңбер» - «Ұстау» белгісіне арналған ойындар шеңберден », дөңгелек би ойындары, тақтадан басылған« Бөлшектер »ойыны және т.б. Дайындық уақыты - 3 минут.

Командалар таңдау жасайды. Командалар бос емес кезде қонақтар сұраққа жауап береді: рөлдік ойындардың театрландырылған ойындардан айырмашылығы неде?

7. «Пароход», «Госпиталь» (өрмекші торлары, фотосуреттері бар альбомдар, балалар суреттері және т.б.) рөлдік ойындар жобаларының презентациясы.

8. Блиц-сауалнама.

«Праимер» командасына арналған блиц-сауалнама

Ойыншықпен баланың іс-әрекеті. (Ойын.)

Балалар өздерінің білім қорын және ойлау қабілетін максималды түрде қолданатын қандай ойындар? (Интеллектуалды ойындар.)

Кез-келген экологиялық ойынды атаңыз. (Қай ағаш қандай жапырақ?)

Теңізші, капитан, аспаз қандай рөлдік ойынға қатысады? (Пароход.)

«Ойын - балалық шақ, ал балалық шақ - ойын» деген сөздің авторы кім? (В.А. Недоспасова.)

Пиаже өзінің ашылуында қандай екі әлем туралы айтты? (Балалар әлемі және ересектер әлемі).

Бала қуыршақты сөйлетуге, әртүрлі әрекеттерді жасауға, екі жолмен, яғни өзі үшін және қуыршақ үшін әрекет ететін қандай ойындар бар? (Директордың ойындары.)

Баланың ойыншығын алмастыратын заттар қалай аталады?

(Ауыстырушылар.)

Ересек мектеп жасына дейінгі балаға көбірек орын немесе ойыншық ойыншықтар қажет пе? (Ғарышта.)

«Азбука» командасына арналған блиц-сауалнама

Ойыншықтары бар балалардың сүйікті іс-әрекеті қалай аталады? (Ойын.)

«Біз балалар болғандықтан ойнамаймыз. Бірақ балалықтың өзі бізге ойнау

үшін берілген»? (Карл Грос - неміс психологы.)

Кез-келген ашық доп ойынын атаңыз. (Шеңбер бойымен тұзақ ұстаңыз.)

Визажист, шаштараз, клиент, кассир қандай рөлдік ойынға қатысады?

(Шаштараз.)

Ересектердің араласуынсыз балалар ойын сюжеттерін ойлап табуға, рөлдерді бөлуге, ойын ортасын өзгертуге болатын ойындар қалай аталады? (Тәуелсіз.)

«Ойын - бұл рахаттың екінші жағында тұрған балалардың азап шегетін саласы» деп кім сенді? (Зигмунд Фрейд.)

Кравцованың айтуы бойынша, бала ұжымдық ойынға дайын болу үшін рөлдік ойынның дамуының қанша кезеңінен өтуі керек? (Бес кадам.)

«Ойын жүрегі» дегеніміз не? (Рөл.)

Балалық шақтың барлық армандары орындалатын әлемге балалар қандай ойындарда барады? (Шығармашылық.)

Екі командаға да тапсырма беру

Түс карточкаларымен «Ойын әліппесінде» белгіленген әріптерден сөздер жасаңыз, әріптерді қайталауға болады. «Ойын» тақырыбына байланысты сөздер құрауға тырысыңыз.